



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**Ұлттық Банк филиалдарында 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталуы туралы**

*10 ақпан, 2021 жыл*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі **2021 жылы 3 наурызда** 2006 жылғы үлгідегі номиналы 1 000 теңгелік банкноттарды айырбастау кезеңінің аяқталатынын еске салады.

2006 жылғы үлгідегі номиналы 1000 теңгелік банкноттарды айырбастау **2017 жылдың 2 наурызында** басталды, енді ол **2021 жылдың 3 наурызына дейін** жалғасады. Көрсетілген мерзімнен кейін Ұлттық Банктің филиалдары аталған банкноттарды **қабылдау мен айырбастауды тоқтатады.**

### 2006 ЖЫЛҒЫ ҮЛГІДЕГІ НОМИНАЛЫ 1 000 ТЕҢГЕЛІК БАНКНОТ



Банкноттарды қолданыстағы ақша белгілеріне айырбастау **тек қана Ұлттық Банктің филиалдарында жүзеге асырылады.** Филиалдардың мекен-жайы мен байланыс телефондары Ұлттық Банктің сайтында көрсетілген.

Қосымша сұрақтар туындаған жағдайда, Ұлттық Банктің 1477 нөмірі бойынша Байланыс-орталығына хабарласуға болады.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77-52-10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)